

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
президенті _____ У.С.Абдибеков
« ____ » _____ 2018 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-035-2018

***МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАДА КӘСІБИ ІС-
ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ***

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті тарапынан
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер Академиялық мәселелер жөніндегі департамент
– директоры Төлегенов Е.
Жұмысқа орналастыру орталығының басшысы
– Мухиддинова С.
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент
Ажиханов Н.
– Ғылыми және инновациялық істер жөніндегі вице-
президент Раимбердиев Т.
– Құқық бөлімінің басшысы Әбсеметов А.
– Әкімшілік-кадр бөлімінің басшысы Каримова Ә.
– Аккредитация және рейтинг орталығының
басшысы Дарибаев Ж.
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2018
5. Тексеру мерзімі – 2020

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2018

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-035-2018
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Магистратура мен докторантурада кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізу ережесі		12 беттің 2 –ші беті

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жалпы ережелер	4-5
5	Кәсіби іс-тәжірибелердің бағдарламалары мен базалары	6-7
6	Іс-тәжірибені ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар	7-8
7	Диссертация алды іс-тәжірибесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар	9
8	Іс-тәжірибе барысын қорытындылауға қойылатын талаптар	9
9	Магистранттар мен докторанттардың міндеттері мен құқығы	9
10	Жауапкершілік	9
11	Өзгерістерді ендіру тәртібі	10
11	Келісу, сақтау және тарату	10
12	Танысу парағы	11
14	Өзгерістерді тіркеу тәртібі	12

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-035-2018
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Магистратура мен докторантурада кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізу ережесі		12 беттің 3 –ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы ереже мамандықтың (бағыттың) іс-тәжірибелерін ұйымдастыруға, оның мазмұнына және өткізуге қойылатын жалпы талаптарды анықтайды.

1.2 Ереже іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету үшін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (одан әрі Ахмет Ясауи университетінде) барлық кафедраларына таратылады.

1.3 Осы ереже іс-тәжірибеден өтетін магистрант пен докторанттарға негізгі нұсқаулық ретінде қолданылады.

1.4 Іс-тәжірибені өткізу ұйымдарына да осы Ереже таныстырылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
- «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы.
- «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысы;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы;
- Ахмет Ясауи университетінің университетінің білім беру үдерісінің ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттар жинағы-1,2;
- Оқу әдістемелік Кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру және өткізу ережесі №8-23.04.2015 ж ;
- ҚР МЖМББС 5.03.011 – 2006 Жоғарғы оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысы. Негізгі ереже.
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

ҚН БББ – құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасы;

УЕ – университет ережесі;

АРО – Аккредитация және рейтинг орталығы;

Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде магистратура және докторантурада кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізу ережесі.

ҮОЖ – үлгілі оқу жоспары

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-035-2018
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Магистратура мен докторантурада кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізу ережесі		12 беттің 4 –ші беті

- ЖОЖ – жеке оқу жоспары
ОЖЖ – жұмыстық оқу жоспары

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Ахмет Ясауи университетінде магистранттар мен докторанттардың кәсіби іс-тәжірибесі (практикасы) – жоғары білікті мамандарды даярлаудың маңызды бөлігі болып табылады және олар кәсіпорындарда, ғылыми-зерттеу институттарында, мекемелер мен ұйымдарда, ЖОО-да өткізіледі.

4.2 Кәсіби іс-тәжірибенің түрлері, мерзімдері және мазмұны мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларымен және оқу бағдарламаларымен анықталады. Мамандықтарға (даярлау бағыттарына) байланысты кәсіби іс-тәжірибенің тиісті түрлері өткізіледі.

4.3 Білім алушылардың кәсіби іс-тәжірибесі университеттегі оқу барысында алған білімдерін бекітуге, алдыңғы қатарлы тәжірибені меңгеруге бағытталады. Өндірістік білім алу үдерісінде білім алушылар кәсіби және ұйымдастырушылық тәжірибені меңгеруге міндетті.

4.4 Ахмет Ясауи университеті магистранттар мен докторанттардың кәсіби іс-тәжірибесін бекітілген академиялық күнтізбе мен магистрант пен докторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес осы ережемен және мамандық бойынша ҮОЖ-бен белгіленген көлемде жүргізіледі.

4.5 Іс-тәжірибенің әр академиялық сағаты магистрант пен докторанттың қосымша жұмысының тиісті оқу сағаттарымен (50 минуттан) толықтырылады: педагогикалық іс-тәжірибе үшін – 1 сағат, өндірістік іс-тәжірибе үшін – 4 сағат және зерттеу іс-тәжірибесі үшін – 7 сағат.

4.6 Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір кредит яғни, кәсіби іс-тәжірибе кезеңіндегі магистрант, докторанттың оқытушымен жұмысының 15 академиялық сағатына тең екенін ескеру қажет.

4.7 Кәсіби-іс тәжірибенің ұзақтығы магистрант пен докторанттың іс-тәжірибе кезіндегі 30 сағатқа тең апта бойғы (5 күндік жұмыс аптасы кезінде күніне 6 сағат) нормативті жұмыс уақытын есепке ала отырып, аптамен анықталады. Апта санын шығару үшін іс-тәжірибенің кредитпен есептелген көлемін тиісті іс-тәжірибе түрінің байланыс сағатымен есептелген еңбек сыйымдылығына көбейту керек және оны магистранттың апта бойғы жұмысының ұзақтығына, яғни 30 сағатқа бөлу керек.

Іс-тәжірибенің 1 кредитінің еңбек сыйымдылығы педагогикалық іс-тәжірибе үшін әр сағаты 50 минуттан 30 сағатты, өндірістік іс-тәжірибе үшін 75 сағатты, зерттеу іс-тәжірибесі үшін 120 сағатты құрайды. 1 кредитке сәйкес келетін іс-тәжірибенің ұзақтығы аптамен есептегенде педагогикалық іс-тәжірибе үшін 1 аптаны, өндірістік іс-тәжірибе үшін 2,5 аптаны, зерттеу іс-тәжірибе үшін 4 аптаны құрайды.

4.8 Магистранттар мен докторанттарды даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі өлшемі: магистратурада ғылыми және педагогикалық дайындық бойынша - 59-дан кем емес кредитті, докторантурада – кемінде 75 кредитті құраса, оның ішінде іс-тәжірибенің 6-дан кем емес кредитін игеруі тиіс.

4.9 Магистратурада іс-тәжірибелерді ұйымдастыруға қойылатын талаптар:
Ғылыми және педагогикалық магистратурадағы білім беру бағдарламасына іс-тәжірибенің екі түрі кіреді:

- 1) білім беру ұйымдарында өткізілетін педагогикалық іс-тәжірибе;
 - 2) диссертацияны орындау орны бойынша өткізілетін зерттеу іс-тәжірибесі.
- Педагогикалық іс-тәжірибе оқытудың тәжірибелік дағдылары мен әдістемесін қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Педагогикалық іс-тәжірибе теориялық оқыту кезеңінде оқу

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-035-2018
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Магистратура мен докторантурада кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізу ережесі		12 беттің 5 –ші беті

процесінен қол үзбей өткізіледі. Осы ретте магистранттар бакалавриатта сабақ жүргізуге тартылуы мүмкін.

5.0 Докторанттар үшін іс-тәжірибелер мен ғылыми тағылымдамаларды ұйымдастыруға қойылатын талаптар: Іс-тәжірибе ғылыми, кәсіби қызметтегі тәжірибені дағдыны қалыптастыру мақсатында жүргізілуі керек. Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін педагогикалық және зерттеу іс-тәжірибелері (көлемі 3+3 кредиттен кем болмауы тиіс. Ол докторантураның білім беру бағдарламасында қамтылуы тиіс.

Педагогикалық іс-тәжірибе оқу процесінен қол үзбей теориялық оқу кезеңінде өткізілуі мүмкін. Осы ретте докторанттар бакалавриат пен магистратурада сабақ жүргізуге тартылуы мүмкін.

Магистранттың өндірістік іс-тәжірибесі оқу процесінде алған теориялық білімін бекіту, оқып жатқан мамандығы бойынша кәсіптік қызмет дағдыларын, құзыреттері мен тәжірибесін жинақтау, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында өткізіледі.

5.1 Докторант пен магистранттың зерттеу іс-тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерттеу, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін іс-тәжірибеде қолдану, диссертациялық зерттеудегі эксперименттік деректерді өңдеу мен интерпретациялау дағдыларын бекіту мақсатында жүргізіледі. Докторанттың өндірістік іс-тәжірибесі оқу процесінде алынған теориялық білімді түйіндеу және кәсіби деңгейін арттыру мақсатында жүргізіледі.

Зерттеу және өндірістік іс-тәжірибелердің мазмұны докторлық және магистрлік диссертацияның тақырыбымен анықталады

5.2 Университеттің 26.12.2014 ж. күнгі №3 Сенат мәжілісінің қаулысына сәйкес бітіруші курс білім алушылары Астана, Алматы қалалары мен облыс орталықтарында орналасқан мекемелерде өндірістік тәжірибеден өткен жағдайда білім алушыға барып-келу жол ақысы мен тәуліктік шығыны 1 (бір) аптаға 3500 теңге көлемде төленеді.

5.3 Жетекші оқытушылардың іс-сапарын, қызметтік іс-сапарына ақы төлеу туралы заңға сәйкес жоғары оқу орны төлейді.

5 КӘСІБИ ІС-ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН БАЗАЛАРЫ

5.1 Оқу бағдарламасында магистрант пен докторанттың іс-тәжірибеден ойдағыдай өтуіне қажетті пререквизиттер, яғни базалық теориялық курстардың тізімі көрсетілуі шарт.

5.2 Іс-тәжірибе бағдарламаларын мамандық саласына және түріне сәйкес кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның – практика объектілерінің сипатын ескере отырып практикаға жауапты кафедралар әзірлейді, оларды оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент бекітеді. Практиканың оқу бағдарламасын мамандыққа жауапты, кафедра болашақ мамандықтың және іс-тәжірибеден өтетін орындардың ерекшеліктерін ескере отырып жасайды.

5.3 Іс-тәжірибеге арналған бағдарлама және күнделік әр магистрант пен докторантқа тапсырылуы тиіс.

Іс-тәжірибе (практика) бағдарламасы мыналарды қамтуы қажет:

1) магистранттар мен докторанттардың жеке тапсырмаларын орындау мерзімдері мен мазмұны, іс-тәжірибенің ұзақтығы мен негізгі бағыты;

2) магистранттар мен докторанттардың кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың тиімді ұсыныс жасау және өнертапқыштық жұмыстарына, іс-тәжірибе орнындағы инновациялық үдерістерге қатысуы;

3) экскурсиялардың жобаланған мазмұны мен өткізу мерзімдері;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-035-2018
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Магистратура мен докторантурада кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізу ережесі		12 беттің 6 –ші беті

4) білім берушілердің іс-тәжірибе туралы есептерін дайындау тәртібі мен қорғау мерзімдері, іс-тәжірибе нәтижесін қорытындылау;

5) магистранттар мен докторанттарға жәрдем ету мақсатымен лекциялар оқу және әңгіме өткізу.

5.4 Психологиялық-педагогикалық іс-тәжірибе бағдарламалары мен ұйымдастырылу мазмұны:

- жоғары мектеп оқытушысының кәсіби біліктілігі туралы түсініктің болуы;
- пәндік сала мен кәсіпті білу мен түсіну;
- магистрант пен докторанттың педагогикалық және ғылыми этикасы туралы түсінігінің болуы
- ғылыми жұмысты ұйымдастырудың құрылымын және қағидаларын білуі
- іс-тәжірибеде білімді қолдану қабілеттілігі;
- жеке тұлғаның білім алу қажеттілігін, жетістіктері мен даму деңгейін диагностикалау мен бағалау қабілеттілігі;
- білімнің белгілі бір саласындағы ғылыми мектептер мен олардағы теориялық және практикалық жаңалықтарды іс-тәжірибеде жүзеге асыру қабілеттілігі;
- кәсіптік іс-әрекеттерде білім берудің заманауи теориялар мен талдау әдістері негіздерін пайдалану қабілеттілігі;
- ғылыми жаңалықтарды практикалық қызметке ендіру тетіктері туралы қабілеттілігі
- этикалық нормаларға сәйкестікте әрекет ету қабілеттілігі құзыреттерін қалыптастыратындай болуы қажет.

5.5 Педагогикалық практикалар бағдарламасы білім алушыларда кәсіби мәнді іскерліктерді меңгеруге және түйінді құзыреттерді қалыптастыруға бағытталуы қажет:

- әр түрлі ғылыми ойлар мен теорияларды сыни тұрғыда талдау, бағалау және салыстыру
- дидактикалық мақсаттар мен міндеттерге сәйкес оқыту әдістері мен құралдарын қолдану деңгейін айқындау;
- белгілі бір саладағы мәселелерге кәсіби жан-жақты талдау жүргізу;
- бақылау мен бағалаудың әдістерін кәсіби деңгейде меңгеру;
- педагогикалық үдеріс жағдайына педагогикалық диагностикалауды өткізу;
- ғылыми зерттеулерді жүргізу және жоғары оқу орындарында арнайы пәндерді оқытуды жүзеге асыру үшін шет тілін кәсіби деңгейде меңгеру.
- білім аясында алдыңғы қатарлы халықаралық алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені меңгеру
- әр түрлі ақпарат көздерінен ақпаратқа өңдеу және талдау жүргізе алу
- өзінің жаңа ғылыми табыстар генерациясы мен ғылыми ұйымдарға хабарлау, ғылыми таным шекарасын кеңейту.

5.6 Ахмет Ясауи университеті магистранттар мен докторанттардың кәсіби іс-тәжірибе өткізу базасы болып табылатын кәсіпорындарды, ғылыми-зерттеу институттарды, мекемелерді, ұйымдарды келісім-шарт негізінде белгілейді, олармен іс-тәжірибе өткізу бағдарламалары және күнтізбелік кестелері туралы келіседі.

Сонымен бірге келісімдерде жоғары оқу орындарының, іс-тәжірибе базасы болып табылатын ұйымдар мен кәсіпорындардың және білім алушылардың міндеттері белгіленеді.

6 ІС- ТӘЖІРИБЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Педагогикалық, өндірістік, зерттеу іс-тәжірибелер мамандықтардың типтік/оқу, жұмыс бағдарламалары негізінде ұйымдастырылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-035-2018
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Магистратура мен докторантурада кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізу ережесі		12 беттің 7 –ші беті

6.2 Педагогикалық, өндірістік, зерттеу іс-тәжірибелер университетпен келісім-шартқа отырған кәсіпорындарда, мекемелерде, ғылыми-зерттеу институттарында, Отандық және шетелдік ЖОО-да өткізіледі.

6.3 Іс-тәжірибеге теориялық және базалық пәндерді толығымен меңгерген магистрант пен докторант жіберіледі.

6.4 Магистрант пен докторантты іс-тәжірибеге жіберу туралы шешімді кафедра мен Жұмысқа орналастыру орталығы анықтайды. Бітіруші кафедра мен іс-тәжірибені ұйымдастыру бөлімі, кафедра оқытушылары және іс-тәжірибе өтетін орынның қызметкерлері тарапынан іс-тәжірибе жетекшілерін тағайындайды.

6.5 Білім алушылар іс-тәжірибе өту барысында Ахмет Ясауи университеті таңдаған мамандығының саласына байланысты нақты кәсіпорынның, ғылыми-зерттеу институтының, мекеменің, ұйымның нақты жағдайымен танысады (үйренеді):

- 1) өндіріс технологиясы;
- 2) өндірісті ұйымдастыру мен басқару, оның экономикасы, өнім сапасын бақылау және стандарттау, еңбек өнімділігі мен тиімділігін көтеру резервтерін айқындау шаралары;
- 3) жабдықтар, аппаратуралар, есептеу техникасы, бақылау-өлшеу аспаптары мен құрал-саймандары, өндірістік үдерістерді механикаландыру мен автоматтандыру;
- 4) инженерлердің, мұғалімдердің, заңгерлердің, экономистердің және т.б. озат тәжірибелері;
- 5) еңбек қорғау мен гигиена, физиология, психология, экология салаларында жүргізілетін зерттеулердің нәтижелері;
- 6) ғылыми-зерттеу, жобалау-құрастыру, тиімді ұсыныс жасау және өнертапқыштық жұмыстарды ұйымдастыру;

6.6 Іс-тәжірибеге оқу-әдістемелік жетекшілік жоспарларын, бағдарламасын дайындауды және оны жоғары сапада ұйымдастыруды, өткізуді жоғары оқу орнының тиісті кафедралары жүзеге асырады.

6.7 Университет:

- 1) іс-тәжірибе базасы болып бекітілген кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен, алдағы күнтізбелік немесе оқу жылға (жылдарға) келісім жасайды және оқу жылы басталғанға дейін іс-тәжірибе өткізудің бағдарламасы мен күнтізбелік кестесі туралы келіседі;
- 2) іс-тәжірибе жетекшісі ретінде мамандық ерекшелігін және база қызметін жақсы білетін тәжірибелі профессорлар, доценттер тағайындалады;
- 3) жетекшілер іс-тәжірибе өтіп жатқан кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды, сондай-ақ тәжірибе өтушілерді бағдарламамен қамтамасыз етеді;
- 4) білім алушылардың іс-тәжірибесін ұйымдастыру мен өткізу, оның мерзімі мен мазмұнын сақтауға бақылауды жүзеге асырады;
- 5) қажетті жағдайларда іс-тәжірибеге жіберілген білім алушыларды дәрігерлік тексеруден өткізуді ұйымдастырады.

6.8 Ахмет Ясауи университеті жағынан тағайындалған жетекші:

- 1) іс-тәжірибе басталмас бұрын білім алушылардың қажетті дайындықтарын ұйымдастырады;
- 2) білім алушыларға оқу жоспары мен бағдарламасына сәйкес кеңестер өткізеді;
- 3) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың білім алушыларға еңбек және тұрмыс жағдайларын қамтамасыз етуіне, оларға еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі бойынша міндетті нұсқау беруіне, ішкі еңбек тәртіп ережелерін орындауына бақылауды жүзеге асырады;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-035-2018
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Магистратура мен докторантурада кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізу ережесі		12 беттің 8 –ші беті

4) білім алушылардың іс-тәжірибелік есептерін қабылдайды, жұмысы туралы пікір береді және білім алушылардың дайындығын жетілдіруге байланысты ұсыныстар және ескертулер, іс-тәжірибе барысы жайында кафедра меңгерушісіне жазбаша есеп береді;

5) іс-тәжірибе бойынша сынақ қабылдау комиссиясының жұмысына және білімгерлердің өндірістік іс-тәжірибе қорытындысы бойынша ғылыми конференцияларын дайындауға қатысады.

6.9 Жоғары оқу орындарында жетекшілікті, оның барлық кезеңдерінде, жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушылары, пән оқытушыларымен бірге жүзеге асырады.

6.10 Іс-тәжірибе базалары болып табылатын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар,

1) магистранттар мен докторанттардың іс-тәжірибесін екі жақты келісімдер негізінде (жоғары оқу орны-кәсіпорын) ұйымдастырып өткізеді;

2) магистранттар мен докторанттарға бағдарламаға сәйкес іс-тәжірибе өтетін орындар бөлінеді;

3) магистранттар мен докторанттардың мамандығына сәйкес іс-тәжірибе өту кезеңінде білім, медицина, құқық, технология, өндіріс экономикасы және ұйымдастыру мен басқару, еңбекті ғылыми ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу, жобалау-құрастыру жұмыстарын ұйымдастыру және басқа салалар бойынша білім алуға қажетті жағдайлар жасайды;

4) іс-тәжірибені өткізудің жоғары оқу орнымен келісілген күнтізбелік кестесін ұсынады;

5) магистранттар мен докторанттарға қолда бар әдебиеттерді, техникалық және басқа құжаттарды қолдану, сондай-ақ қажетті жағдайда көбейту техникасын қолдану, егер бұл келісімде қарастырылса, мүмкіндігі беріледі;

6) диссертациялық жобаларға (жұмыстарға) материал іріктеуге көмектеседі;

7) еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігіне байланысты міндетті нұсқаулар жүргізеді: кіріспе нұсқау және жұмыс орнында белгіленген құжаттарды толтыру арқылы жүргізілетін нұсқау, қажетті жағдайда жұмыстың қауіпсіздігіне байланысты оқу жүргізеді;

8) магистранттар мен докторанттардың осы кәсіпорында, мекемеде, ұйымда, белгіленген ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді;

9) өндірістік қажеттілікке байланысты неғұрлым дайындығы жақсы білім алушы-практиканттарды цех анықталған тариф бойынша ақы төлеп, уақытша жұмысқа алады;

6.11 Кәсіпорын жағынан тағайындалған жетекші білім алушылардың күнделік жүргізуін, магистранттар мен докторанттардың есебін дайындауын бақылайды, оларға жеке тапсырмалар мен бағдарламаның орындалуы туралы деректері бар кәсіптік мінездеме береді.

7 ДИССЕРТАЦИЯ АЛДЫ ІС-ТӘЖІРИБЕ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Бірқатар мамандықтар бойынша диссертация алдындағы іс-тәжірибе (практика) ұйымдастырылады, оның мазмұны диссертация жұмыстың (жобаның) тақырыбымен анықталады. Диссертация алдындағы іс-тәжірибе кезінде білім алушы кәсіпорынның өндірістік (мамандандырылған) қызметі туралы, ғылыми-зерттеу институтының, мекеменің, ұйымның, қызметтері туралы нақты материалдар жинайды, диссертация жұмысына (жобасына) сол мәліметтерді пайдаланады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-035-2018
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Магистратура мен докторантурада кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізу ережесі		12 беттің 9 –ші беті

8 ІС-ТӘЖІРИБЕ БАРЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1 Іс-тәжірибе туралы есепте магистранттар мен докторанттар орындаған нақты жұмыстары туралы мәліметтер және кәсіпорын (цехтар, бөлімдер, зертханалар т.б.) мен ұйым туралы, оның қызметі, экономикасы, еңбек қорғау мәселелері туралы қысқаша баяндау, ұсыныстар мен қорытындылар жазылуы керек. Есеп беру үшін білім алушыға іс-тәжірибе соңында 2-3 күн беріледі.

8.2 Іс-тәжірибе аяқталған соң білім алушы кафедра меңгерушісі тағайындалған комиссияға сараланған бағалы сынақ тапсырады (есепін қорғайды). Комиссия құрамына іс-тәжірибе өткізілетін курсты жүргізетін оқытушы, Ахмет Ясауи университеті жағынан, факультеттен (кафедрадан) тағайындалған және мүмкіндігінше, кәсіпорын жағынан тағайындалған іс-тәжірибе жетекшілері кіреді.

8.3 Кәсіптік іс-тәжірибенің қорытындысы кафедрада талқыланады. Іс-тәжірибенің жалпы қорытындысы, мүмкіндігінше іс-тәжірибе база өкілдерінің қатысуымен өткізілген, жоғары оқу орнының ғылыми және факультет кеңестерінде шығарылады.

8.4 Іс-тәжірибе бағдарламасын орындамаған, жұмысы туралы жарамсыз пікір немесе есепін қорғағанда қанағаттандырылғысыз баға алған студент жоғары оқу орнынан шығарылады. Іс-тәжірибенің кез келген түрі бағалық, балдық, рейтингтік жүйелермен бағаланады (университетте қабылданған). Оны белгіленген тәртіппен білім алушы қатарына қайта алынуына құқығы сақталады.

9 МАГИСТРАНТТАР МЕН ДОКТОРАНТТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ

9.1 магистранттар мен докторанттардың міндеттері:

1) іс-тәжірибе бағдарламасында қарастырылған тапсырмаларды толығымен орындау, күнделік жүргізу;

2) кәсіпорында, ғылыми-зерттеу ұйымында, мекемеде, және т.б іс-тәжірибеден өту ұйымдарында қалыптасқан ішкі тәртіп ережелеріне бағыну;

4) тиімді ұсыныс жасау, өнертапқыштық, жұмыстарына тиісті кафедралардың тапсырмаларымен қатысу;

5) барлық тапсырмалардың орындалғаны жайында кәсіпорын жағынан тағайындалған жетекшісі қол қойған жазбаша есеп пен күнделігін Ахмет Ясауи университеті жағынан жағынан тағайындалған жетекшісіне ұсыну.

9.2 Білім алушының құқығы:

1) іс-тәжірибе бағдарламасында қарастырылмаған жұмыстарға қатыспауға;

2) бос орын болған жағдайда мамандық саласына сай ақы төленетін жұмысқа қабылдануға құқығы бар.

10 ЖАУАПКЕРШІЛІК

10.1 Іс-тәжірибені өткізу мен ұйымдастыруға, келісім шарттарына сәйкес, Ахмет Ясауи университетінің басшылары мен практика базасының басшылары жауап береді.

10.2 Кәсіптік іс-тәжірибеден өтіп жатқан магистранттар мен докторанттар жазымға ұшыраған жағдайда сол үшін толық жауап береді.

10.3 Практикадан өтпеген немесе бағдарламаны орындамаған білім алушы үшін жалған ақпарат берген практика жетекшісі мен білім алушы және кафедра меңгерушісін университеттің тәртіптік кеңеске әкімшілік шара қолдауға ұсынылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-035-2018
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Магистратура мен докторантурада кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізу ережесі		12 беттің 10 –ші беті

11 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

11.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

11.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс (Қосымша Б.)

12 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

12.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат мәжілісі отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

12.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Жұмысқа орналастыру орталығының басшысына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

12.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын АРО-ға сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент	Ажиханов Н.
Ғылыми және инновациялық істер жөніндегі вице-президент	Раимбердиев Т.
Құқық бөлімінің басшысы	Әбсеметов А.
Әкімшілік-кадр бөлімінің басшысы	Каримова Ә.
Аккредитация және рейтинг орталығының басшысы	Дарибаев Ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-035-2018
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Магистратура мен докторантурада кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізу ережесі		12 беттің 13 –ші беті

Ahmet Yasawi university